Теледидарды алғаш қосқанда немесе оның теңшелімдері зауыттық мәндерге оралғанда экранда Бастапқы теңшеу терезесі пайда болады.




1) Мәзір тармақтарымен жүру үшін ▲▼ түймешіктері қызмет етеді. Мәндер ◀▶ түймешіктерімен ауысады. Қажетті тілді енгізіп, мәзір үшін қолданылатын демонстрациялық немесе үй режимін таңдаңыз (Home/Shop Mode).

Демонстрациялық немесе үй режимі (Shop /Home Mode)


1. Теледидар алғаш қосылған кезде, экранда бастапқы шарттар теңшелімінің мәзірі пайда болады. Экран мәзірінің тілін таңдаған соң пайдаланушы демонстрациялық немесе үй режимін таңдай алады. Экранға төменде көрсетілген теңшелім мәзірі шыққан кезде, және көрсеткі Home mode опциясында орнатылғанда, ◀▶ түймешіктерін теңшеу үшін, ал OK түймешігін – мәзірге кіру үшін қолдануға болады.



Егер Shop Mode (демонстрациялық режим) таңдалса, келесі мәзір пайда болады.




Келесі мәзірге түсу үшін OK басыңыз.



Бастапқы шарттар теңшелімінің мәзіріне оралу үшін OK басыңыз, көрсеткі бұл жағдайда "home mode" тармағында қалады. Елді таңдаудың келесі мәзіріне өту үшін осы опцияны таңдаңыз.

2) ◀▶ түймешігінің көмегімен, эфирлік телевизия немесе кабельдік телевизия жүйесін таңдаңыз (AR/Cable, яғни DVB-T/T2, DVB-C).



Ескерту:

Ұлыбританияда кабельдік телевизияны қосқанда теледидарға тиісті компанияның кабельдік ресиверді қосу талап етіледі. Егжей-тегжейлер кабельдік телевизияны қолдану бойынша нұсқаулықта.

DVB-C таңдалғанда сонымен қатар сканерлеу тәсілі таңдалады – Толық (Full) немесе Жылдам (Quick way). Сонымен қатар автоматты түрде сканерлеу режимін таңдауға болады (Auto Scan mode). Келесі опциялар қол жетімді: DTV+ATV, тек DTV, тек ATV.

3) Ары қарай арнаны теңшеу орындалады, бұл бірнеше минутты алуы мүмкін. Дисплейде теңшелім үдерісінің барысы мен анықталған арналар саны көрінетін болады.

4) Егер DTV теңшелімін өткізу қажет болса, аяқталмаған теңшелімді тоқтату үшін MENU түймешігін басыңыз. Содан кейін ATV теңшеліміне тікелей өтуге болады.

5) Теңшелім аяқталғанда, арналар алдын ала берілген тәртіпте ұйымдастырылатын болады. Егер Сіз арналарды өткізіп жібергіңіз, алдын ала енгізілген тәртіпті өзгертіңіз немесе арналарды қайта атағыңыз келсе, (Channel) арна мәзірінде Арналарды редакциялауды таңдаңыз (Programme Edit).

6) Ескі құпиясөз ретінде 000 комбинациясы таңдалған, сондықтан оны жаңа құпиясөз ретінде таңдауға болмайды.

7) Егер Italy-ді таңдаса, онда теледидар USB жазбасы мен уақытша жылжу функциясын қолдамайтын болады.

Ескерту:

DTV: цифрлық телевизия


ATV: аналогтық телевизия.

1. АРНАЛАР МӘЗІРІ

1) Автотеңшеу (DVB-T/T2)

1) MENU түймешігін басыңыз және ▼▲ түймешіктерінің көмегімен арнаның мәзірін таңдаңыз. OK түймешігін немесе Right түймешігін басыңыз.

2) ▼▲ түймешіктерінің көмегімен автоматты сканерлеу (Auto Scan) таңдап, OK түймешігін басыңыз.



3) Air (яғни DVB-T) параметрін енгізіп, ◀▶ түймешіктерінің көмегімен антенна типін (Antenna Type) таңдаңыз.



4) Ел режимінде (Country), ◀▶ түймешіктерінің көмегімен елді таңдаңыз.

5) Mode тармағында тұрып, ◀▶ түймешіктерінің көмегімен теңшелім режимін таңдаңыз: ATV / DTV / DTV + ATV. Start тармағын таңдау мақсатында ▼ түймешігін басу амалды іске қосады.

6) Бұдан кейін бірнеше минутқа жалғасуы мүмкін арналар теңшелімі басталады. Дисплейде теңшелім үдерісінің барысы мен табылған арналар саны көрінетін болады.

7) Егер DTV теңшелімін өткізу қажет болса, аяқталмаған теңшелімді тоқтату үшін MENU түймешігін басыңыз. Содан кейін ATV теңшеліміне тікелей өтуге болады. Егер арналар табылмаса, теледидарды келесі қосқанда экранға орнату туралы ескерту шығарылады.

8) Теңшелім аяқталғанда, арналар алдын ала берілген тәртіпте ұйымдастырылатын болады. Егер Сіз арналарды өткізіп жібергіңіз, алдын ала енгізілген тәртіпті өзгерткіңіз немесе арналарды қайта атағыңыз келсе, (Channel) арна мәзірінде Арналарды редакциялауды таңдаңыз (Programme Edit).



1.2) Автоматты теңшеу (DVB-C)

1) MENU түймешігін басыңыз және ▼▲ түймешіктерінің көмегімен арнаның мәзірін таңдаңыз. OK түймешігін басыңыз.


2) ▼▲ түймешіктерінің көмегімен автоматты сканерлеу (Auto Scan) таңдап, OK түймешігін басыңыз. DVB-C мәнін таңдап, ◀▶ түймешіктерінің көмегімен антенна типін (Antenna Type) көрсетіңіз.



3) Теледидар жұмысы үшін елді таңдау үшін ▼ түймешігін, содан кейін ◀▶ түймешіктерін басыңыз.

4) Mode тармағында тұрып, ◀▶ түймешіктерінің көмегімен теңшелім режимін таңдаңыз: ATV / DTV / DTV + ATV.

5) Іздеу режиміне кіру үшін, төменде көрсетілген мәзірге кіру үшін Start таңдаңыз.



6) Бұдан кейін бірнеше минутқа жалғасуы мүмкін арналар теңшелімі басталады. Дисплейде теңшелім үдерісінің барысы мен табылған арналар саны көрінетін болады.

7) Егер DTV теңшелімін өткізу қажет болса, аяқталмаған теңшелімді тоқтату үшін MENU түймешігін басыңыз. Содан кейін ATV теңшеліміне тікелей өтуге болады. Егер арналар табылмаса, теледидарды келесі қосқанда экранға орнату туралы ескерту шығарылады.

8) Теңшелім аяқталғанда, арналар алдын ала берілген тәртіпте ұйымдастырылатын болады. Егер Сіз арналарды өткізіп жібергіңіз, алдын ала енгізілген тәртіпті өзгертіңіз немесе арналарды қайта атағыңыз келсе, (Channel) арна мәзірінде Арналарды редакциялауды таңдаңыз (Programme Edit).

Ескерту:

Егер теңшелім типі ретінде (Line Type) DTV+ATV таңдалса, барлық арналар, оның ішінде ATV, DTV және Радио, бір мезгілде теңшеуге болады.

Барлық сақталған арналар автоматты теңшелімнен кейін жойылады.

Автоматты теңшелімнен кейін теледидар DTV бірінші арнасына ауысады.

2. 1) DTV (DVB-T) қолмен теңшелімі

1) MENU түймешігін басып, ▼ ▲ түймешіктерінің көмегімен арна мәзірін таңдаңыз (CHANNEL). OK түймешігін басыңыз.

2) ▼ ▲ түймешіктерінің көмегімен қолмен сканерлеуді таңдаңыз (DTV Manual Tuning) және OK түймешігін басыңыз. Егер автоматты сканерлеу (Auto Scan) мәзірінде Air таңдасаңыз, пайдаланушы DVB-T қолмен сканерлеу мәзіріне түседі.


3) DTV қолмен сканерлеу экраны пайда болады. ◀▶ түймешіктерінің көмегімен қалаған UHF арнасын таңдаңыз немесе OK түймешігін басыңыз және арна нөмірін енгізіңіз. Арнаны іздеуді бастау үшін Start тармағын басыңыз. Арна теңшелген соң, сурет пен сигнал деңгейі экранға шығады.

4) Бас мәзірге оралу үшін MENU түймешігін басыңыз.

5) Мәзірден шығу үшін EXIT түймешігін басыңыз.

2. 2) DTV (DVB-C) қолмен теңшеу

1) ▼ ▲ түймешіктерінің көмегімен MENU түймешігін басыңыз және арна мәзірін таңдаңыз (CHANNEL). OK түймешігін басыңыз. Егер Auto scan мәзірінде Cable тармағын таңдасаңыз, пайдаланушы DVB-C қолмен сканерлеу мәзіріне өтеді.




2) DTV қолмен сканерлеу экраны пайда болады. ▼ ▲ түймешіктерінің көмегімен, (Frequency /Symbol /ks/s/Modulation) таңдап, жиілік (Frequency) пен символды (Symbol) енгізу үшін OK түймешігін басыңыз. ◀▶ түймешіктерінің көмегімен модуляция (Modulation) енгізіп, арнаны іздеу үшін Start басыңыз. Арнаны теңшеу үшін сурет пен сигнал деңгейі экранға шығарылады.

3) Бас мәзірге оралу үшін MENU түймешігін басыңыз.

4) Мәзірден шығу үшін EXIT түймешігін басыңыз.

3) ATV қолмен теңшеу

Сіз дыбыстық жүйені аналогтық арналарды іздеу мен олардың дәл теңшелімі орындалатындай етіп өзгерте аласыз, одан кейін таңдалған арналарды сақтауға болады.



Ескерту:

1. Қолмен теңшеуден кейін арналарды сақтау үшін телемәтіннің қызыл түймешігін басыңыз.

2. Егер арна сақталатын нөмір ағымдағы арна нөміріне тең болса (Current CH), онда қызыл түймешікті басқанда сақталатын арна ағымдағы арна нөмірімен жазылатын болады (Current CH).

4). Арнаны редакциялау

Арна мәзірінде Арнаны редакциялауды (Channel edit) таңдаңыз. Ішкі мәзірге кіру үшін Юбасыңыз. Ары қарай Сіз редакциялағыңыз келген арнаны таңдау қажет.




Жою (Delete): Бөлектелген арнаны жою үшін қызыл түймешікті басыңыз.

Өткізіп жіберу (SKIP): Skip функциясын таңдау үшін сары түймешікті басыңыз. Бағдарламаның қасында SKIP пиктограммасы пайда болып, ол арнаны өзгерткенде өткізіп жіберілетін болады.

Ауыстыру (MOVE): Сіз ауыстырғыңыз келетін арнаны бөлектеу үшін сары түймешікті басыңыз. Арна нөмірінде пиктограмма пайда болады. Содан кейін, ▼▲ түймешіктерімен жаңа орын енгізіп, растау үшін жасыл түймешікті басыңыз.

Қайта атау (тек ATV): Арнаны қайта атау үшін көк түймешікті басыңыз. Жаңа атты енгізу үшін айналдыра отырып сандық түймешікті басыңыз да, растау үшін OK басыңыз (сандық түймешік төмендегі кестеге сәйкес).



FAV: Сүйікті арнаны енгізу үшін осы түймешікті басыңыз (түрлі-түсті түймешіктер орнына). Егер Сізге Сүйікті арналар тізімін қарау қажет болса, бағдарламаларды редакциялау мәзірінен шығып, FAV түймешігін басыңыз.

5). Жалпы интерфейс


Бұл мәзір CI картасы туралы (жалпы интерфейс) ақпаратты шығарады.

6). Сигнал ақпараты (Тек DTV үшін)

Channel мәзірінде Signal Information-ды таңдау үшін ▼▲ түймешіктерін басыңыз. Ағымдағы арна туралы ақпаратты қарау үшін OK түймешігін басыңыз.

2. КЕСКІН МӘЗІРІ

Мәзірдің екінші тармағы – бұл кескін мәзірі (PICTURE MENU). Мұнда кескіннің сипаттамаларын теңшеуге болады: контраст, ашықтық және т. б. Тармақтар бойынша ауысу үшін ▼▲ түймешіктерін, параметрлерді теңшеу үшін – ◀▶ түймешіктерін басыңыз.




Ескерту:

1) Түстік температураның үш режимінің бірін таңдауға болады: қалыпты, жылы және суық.

2) Компьютерді теңшеу (PC Setting) тек компьютер режимінде ғана қол жетімді және көлденең және тік орын, өлшем мен фазаны теңшеуге мүмкіндік береді.

3. АУДИО МӘЗІРІ

Мәзірдің үшінші тармағы– АУДИО МӘЗІРІ (AUDIO MENU). Мұнда дыбыс параметрлерін теңшеуге болады: жоғарғы және төменгі жиіліктер, баланс пен т. б. Тармақтар бойынша ауысу үшін ▼▲ түймешіктерін, параметрлерді теңшеу үшін – ◀▶ түймешіктерін басыңыз.




Ескерту:

Дыбысты автоматты теңшеу тек сигнал үлкен болғанда немесе бұзылғанда ғана қол жетімді.

4. САФАТ МӘЗІРІ

Мәзірдің төртінші тармағы – САФАТ МӘЗІРІ (CLOCK MENU). Мұнда қоректендіруді қосу/өшіру уақытын, сағатты, түнгі режим таймерін және т. б. теңшеуге болады. Тармақтар бойынша ауысу үшін ▼▲ түймешіктерін, теңшеу үшін – OK басыңыз.



Белсенді емес күйге өту режимі (Auto Sleep)

Егер 15 минут ішінде кіріс сигналы болмаса, теледидар функция белсенді болған жағдайда белсенді емес күйге өтеді (яғни, функцияға ON параметрі берілген). Сағат көрсеткіштері теледидар DTV қабылдай алған кезде автоматты түрде енгізіледі.

5. ТЕҢШЕЛІМДЕР МӘЗІРІ (SETUP MENU)

Мәзірдің бесінші тармағы – теңшелімдер мәзірі. Онда экран мәзірінің тілі, аудио және субтитрлар тілі мен т. б. енгізіледі.



Автоматты күту режимі (Auto Standby)


1. Егер теледидарды қосқан соң төрт сағат ішінде қандай да бір өзгерістер орындалмаса (мысалы, арналар ауыспаса немесе дабыс қаттылығы ауыспаса), онда теледидар қуатты автоматты түрде төмен тұтыну амалын орындайды. Экранда қалқыма терезе пайда болады.

150 секундтан кейін, теледидар автоматты түрде қуатты автоматты түрде төмен тұтыну режиміне ауысады. Автоматты өшіруді болдырмау үшін қашықтан басқару пультіндегі кез келген түймешікті басыңыз.

2. Автоматты түрде төмен тұтыну режимін болдырмау үшін опциялар мәзірінен (Option Menu) Auto standby (4hr) таңдаңыз. Теледидар опциялар мәзіріне оралады және экранда Auto standby (4hr) опциясы пайда болады. Бұл опция үшін OFF мәнін енгізіңіз. Автоматты түрде төмен тұтыну режимін қайтару үшін жоғарыда сипатталған әрекеттерді орындаңыз, бірақ сол жақ көрсеткілі пернені басып, on (4 hours) енгізіңіз.

PVR файлдық жүйесі

PVR файлдық жүйесінің мәзірінде PVR үшін USB-диск енгізуге болады.



Уақытша жылжыту арқылы жазба уақыты (Time shift Record Time): уақытша жылжыту арқылы жазбаның максималды уақытын енгізу.

Автоматты күту режимі (Auto Standby): жұмыстың 4 сағаты өткен соң күту режиміне өтуді енгізу.

Демонстрациялық режим (Shop mode): демонстрациялық режимді қосу/өшіру.

HDMI CEC (HDMI CEC Control) басқару: CEC функциясын қосу/өшіру.

Электрондық мәзір уақыты (OSD Time): экранға шығару уақытын енгізу үшін ◀▶ түймешіктерін басыңыз.

Зауыттық мәндерді қалпына келтіру (Restore Factory Default)

Зауыттық мәндерді қалпына келтіруді таңдау үшін ▼▲ түймешіктерін басып, теңшелімдердің бірінші жинағына кіру үшін OK түймешігін басыңыз. Растаған соң барлық параметрлер стандартты зауыттық мәндерге түсіріледі. Бұл теледидар ақаулары пайда болғанда пайдалы.

Ескерту:

Зауыттық мәндерді қалпына келтіру барлық бағдарламалар мен құпиясөзді тазартады.


USB (Software Updated (USB)) бағдарламалық жасақтамасын жаңарту

Арна мәзірінде Software Updated (USB) таңдау үшін ▼▲ түймешіктерін басыңыз. Содан кейін, USB арқылы бағдарламалық жасақтаманы жаңарту үшін OK басыңыз. Оны сүйемелдейтін бағдарламалық жасақтаманы жаңарту нұсқауларын ұстаныңыз.

Ескерту: біз құрылғының бағдарламалық жасақтамасын табысты түрде жаңартуға кепілдік беру үшін зауыттық мәндерді қайтаруды орындауға кеңес береміз (Restore Factory Default тармағына жүгініңіз).

6. ҚҰРСАУЛАУ МӘЗІРІ (LOCK MENU)


Мәзірдің алтыншы тармағы – құрсаулау мәзірі. Жүйені құрсаулауға, құпиясөз құрсаулауға және аналық бақылау енгізуге болады. Жүйені құрсаулауды таңдаған соң, арналарды іздеу немесе бағдарламаларды өзгерту үшін құпиясөзді енгізу қажет болады.



Әдепкі бойынша, құпиясөз ретінде 0000 комбинациясы қолданылады. Егер Сіз құпиясөзді ұмытсаңыз, супервизордың 9443 құпиясөзін енгізіңіз. Арналарды құрсаулау: бағдарламаны таңдау үшін ▼▲ түймешіктерін қолданыңыз, бағдарламаны құрсаулау үшін OK басыңыз. Бағдарламаны құрсаудан шығару үшін бас мәзірге кіріп, құпиясөзді енгізіңіз, бағдарламаны таңдап, OK түймешігін қайта басыңыз. Аналық рейтинг: ◀▶ түймешіктерімен таңдалады.

7. БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША ЭЛЕКТРОНДЫ ГИД МӘЗІРІ (ELECTRONIC PROGRAM GUIDE)

Бағдарламалар тарату бойынша толық ақпаратты ұсынады. GUIDE түймешігін басу пайдаланушы ағымдағы сәтте қарайтын арна туралы бағдарлама ақпараты бар қалқыма мәзірді экранға шығарады. Бағдарламалық ақпаратқа жеті күнді кезең кіреді. Келесі күнді немесе одан артық күнді қарау үшін, бөлектеу үшін ▼▲ түймешіктерін және бар күндерді кейінгі айналдыру үшін ◀▶ түймешіктерін қолданыңыз.



Ағымдағы бағдарламадан кейін не көрсететін білу үшін сары түймешікті басыңыз. Басқа арнаны қарауға өту үшін арнаны бөлектеу үшін ▼▲ түймешіктерін, содан кейін ◀▶ түймешіктерін басыңыз. Электронды гид мәзірінен шығу үшін GUIDE немесе EXIT түймешігін басыңыз. Режимге оралу үшін осы түймешікті қайта басыңыз.

Ескерту:

Қашықтан басқарудың негізгі функциялары электронды гидтің төменгі жағында орналасқан.

Жазба

Электронды гид режимінде жазу қажет бағдарламаны таңдау үшін қашықтан басқару пультіндегі қызыл түймешікті басыңыз. Пайдаланушы артынан жазу параметрлерін енгізу үшін жоспарланған жазба мәзіріне түседі. PVR файлдық жүйесі арқылы тарауға өтіңіз.

Ескерту:

Жоспарланған жазбаны орындау үшін USB кірісіне қатқыл диск (осы жүйемен үйлесімді) немесе USB құрылғысын салу қажет. Егер ақпаратты сақтау құрылғысы жүйемен үйлесімді болмаса, жүйе құрылғыны пішімдеуді сұрайды. Теңшелімдер мәзірінде (Setup menu), Сіздің құрылғыңызды пішімдеу үшін PVR файлдық жүйесінің жүйелік құрылғыларының тізімін шақырыңыз.

САҚТАНДЫРУ


USB-құрылғыны пішімдеу пішімделетін USB-құрылғыда сақталатын барлық файлдарды жояды.

Егер Сіз жоспарланған жазбаны таңдасаңыз, онда теледидар автоматты түрде бағдарлама жазбасы енгізілген кезде қосылады да, жазба аяқталғанда өшеді.

Жоспарланған жазба кезінде дегенмен, кескін мен дыбыс қаттылығы басылатын болады (экранда кескін болмайды), бірақ теледидар жұмыс істейтін болады. Кескін мен дыбысты қайтару үшін STANDBY түймешігін басыңыз.

Ескерту (Көк түймешік)

Электронды гид мәзірінде, бағдарлама туралы ескерту енгізу үшін көк түймешікті басыңыз. Мәзірден төмен сипатталған ескертулер экранға шығарылады, содан кейін ескертудің егжей-тегжейлерін ◀▶ түймешіктерімен енгізуге болады. Пайдаланушы ол бір рет, күнделікті немесе апта сайын пайда болатындай етіп ескерту енгізе алады.



Қызыл түймешік жоспарланған бағдарламалар тізімін шақырады. Сонымен қатар, пайдаланушы ол жоспарлаған бағдарламаны жоя алады.

Ақпарат (INFO, жасыл түймешік)

Электронды гид мәзірінде, ағымдағы бағдарлама туралы толық ақпарат алу үшін жасыл түймешікті басыңыз.


8. PVR файлдық жүйесі

Menu түймешігін басып, теңшелімдердің ішкі мәзірін таңдаңыз (Setup). PVR файлдық жүйесін таңдау үшін ▼▲ түймешіктерін пайдаланыңыз, содан кейін ішкі мәзірге кіру үшін OK түймешігін басыңыз. Опцияларды айналдыру үшін ◀▶ түймешіктерін басыңыз.


Бағдарламаны жазуға дайындық:



Файлдарды басқару диспетчері (File Manager): барлық жазылған телевизиялық бағдарламаларды қарау. Толық экранда жазу үшін пернесін сыңыз.



Құрылғылар тізімі (Device List): бұл ішкі мәзірде теледидарға қосылған барлық USB-құрылғылар санамаланады. Пайдаланушы құрылғыны таңдай алады және USB-құрылғыны пішімдеу үшін қызыл түймешікті баса алады.



Жоспарланған жазба (Scheduled record): жоспарланған жазбалар тізімін енгізу, сонымен қатар енгізілген жоспарланған жазбаларды жою.




Ішкі мәзірге кіріп, жазба кезеңділігін енгізіңіз. Таңдауға бір реттік жазба, күнделікті жазба, апта сайынғы жазба, жұмыс күнгі және "off" (өшіру) жазбасы қамтылған.



Бағдарламаны жазу:

Сіз ағымдағы сәтте қарағыңыз келген бағдарламаны жазу үшін REC түймешігін басыңыз. Экранда REC пиктограммасы пайда болады. Жазу уақыты мен ұзақтығы, сонымен қатар жазбаның қалған уақыты төменде көрсетілген мәзірде көрінетін болады.



Мәзірге тағы бір рет кіру үшін REC түймешігін тағы бір рет басыңыз. Жазбаны тоқтату үшін Stop түймешігін басыңыз. Фильм (Movie) режимі арқылы жазылған бағдарламаларды қарау үшін медиаплеер мәзіріне кіріңіз (Media Player Menu).

Жазбаны ойнату:

USB құрылғысында жазылған бағдарлама "usbrecord" папкісінде сақталады.

Бағдарламаны PVR файлдық жүйесінің көмегімен және Файлдарды басқару диспетчері ішкі мәзірінде ойнатуға болады.

1. USB құрылғысын сақтау өлшемі 128 Мбайттан 500 Гбайтқа дейінгі шектерде енгізіле алады. Тәжірибелік мақсаттарда 2 Гбайттан 500 Гбайтқа дейінгі өлшемді пайдаланған жөн.
 2. Бейне биттерін жіберу жылдамдығы тым төмен болған жағдайда бейнеде мозаика пайда болуы мүмкін. Бұл USB-құрылғының теледидарға тікелей қосылуының орнына ұзартқыш кабель арқылы қосылғанынан орын алуы мүмкін.
 3. Теледидармен барлық USB-құрылғылар үйлеспейді. Төменде көрсетілмеген үлгілер сәйкес келуі мүмкін, бірақ олардың жұмысына кепілдік берілмейді.
- USB қолдау тізімі уақытша жылжу функциясына арналғандай болады, кейінгі беттерге егжей-тегжейлер үшін жүгініңіз.

Ескерту:

- Жазу үшін қолданылатын деректерді сақтау құрылғысының құрылғының артқы бөлігіне салынып, жазу үдерісімен сәйкес келетініне көз жеткізу қажет. Егер деректерді сақтау құрылғысы сәйкес келмесе, жүйе оны пішімдеуді сұрайды. PVR файлдық жүйесінің ішкі мәзіріне кіріп, Сіздің құрылғыңыздың пішімдеуін орындау үшін құрылғылар тізімін таңдаңыз.
- Жазу кезінде тек Stop функциясы қол жетімді.
- Арна ретінде **Ⓢ** арнасы таңдалса, жазу функциясы болмайды.

9. Уақытша жылжыту (Time Shift)

Ағымдағы сәтте қаралатын бағдарламаны тоқтату және Time Shift функциясын белсендендіру үшін **⏸** мәшігін басыңыз, содан кейін экранда төменде сипатталған мәзір пайда болады. Бұл мәзір бірнеше секунд өтке соң автоматты түрде жоғалады.



► опциясын таңдап, ойнатуды қайтару үшін **OK** басыңыз, содан кейін экранның оң жағында уақытша жылжытудың орындалуын хабарлайтын ойнатудың ақ пиктограммасы пайда болады.

Мәзір жоғалған соң, **⏸** мәшігін басыңыз, сонда мәзір қайта пайда болады. Уақытша жылжыту режимінен шығу үшін **Stop** түймешігін басыңыз немесе мәзір белсенді кезде **Stop** опциясын таңдау үшін көрсеткіні ауыстырыңыз да, қалқыма сөзкөмекті ұстаныңыз.


Ескерту:

- Жазу үшін қолданылатын деректерді сақтау құрылғысының құрылғының артқы бөлігіне салынып, жазу үдерісімен сәйкес келетініне көз жеткізу қажет. Егер деректерді сақтау құрылғысы сәйкес келмесе, жүйе оны пішімдеуді сұрайды. PVR файлдық жүйесінің ішкі мәзіріне кіріп, Сіздің құрылғыңыздың пішімдеуін орындау үшін құрылғылар тізімін таңдаңыз.
- Мәзір белсенді кезде, оның барлық функцияларын орындауға болады (Ойнату, алға/артқа айналдыру және стоп).
- Арна ретінде **Ⓢ** арнасы таңдалса, уақытша жылжыту функциясы болмайды.

10.USB-плеер


Көз түймешігін басып, көз тізімінен USB таңдаңыз. USB мәзіріне кіріп, ОК түймешігін басыңыз.

USB-құрылғының слотқа салғаныңызға көз жеткізуіңізді сұраймыз. Небәрі мультимедианың төрт түрін таңдауға болады – фото, музыка, фильмдер мен мәтін. Қажетті типті ◀▶ түймешіктерімен таңдап, мәзірде дискіні таңдау үшін ОК басыңыз.



▲ ▼ түймешіктерімен қажетті диск пен папкіні таңдап, мультимедиа файлдарының тізіміне кіру үшін ОК басыңыз. Мультимедиа типтерін таңдау мәзіріне шығу үшін EXIT түймешігін басыңыз.

◀▶ түймешіктерімен мультимедиа файлы мен ОК түймешігін басыңыз, одан кейін экранда алдын ала қарау арқылы терезе пайда болады. Толық экран режимінде мультимедиа файлын ойнату үшін ▶ түймешігін басыңыз. Фильм файлы ойнатылғанда ОК басу басқару панелін экранға шығарады.




ФОТО

Негізгі функциялар

Экранға фотосуреттер шығарылғанда қашықтан басқару пультінде ОК басыңыз. Экранның астында құралдар панелі пайда болады.

Ойнату/іркiлiс	Ойнату немесе уақытша тоқтату үшін пультте "▶ Play/Pause" пернесін басыңыз.
Алдыңғы	Алдыңғы фото оқу үшін пультте "◀◀previous" пернесін басыңыз.
Келесі	Келесі фото оқу үшін пультте "▶▶next" пернесін басыңыз.
Тоқтату	Экранға шығаруды тоқтату және алдыңғы мәзірге қайту үшін "■stop" пернесін басыңыз.



МУЗЫКА

Музыка ойнап тұрғанда ► түймешігін бассаңыз, экранға құралдар панелі шығады.

Негізгі функциялар

	Артқа айналдыру: осы функцияны таңдау үшін пультте “солға/оңға” түймешігін және ОК басыңыз. Қалыпты ойнату үшін “PLAY” түймешігін басыңыз.
	Алға айналдыру: осы функцияны таңдау үшін пультте “солға/оңға” түймешігін және ОК басыңыз. Қалыпты ойнату үшін “PLAY” түймешігін басыңыз.
	Фондық музыка: осы функцияны таңдау үшін пультте “солға/оңға” түймешігін басңыз және функцияны қосу/өшіру үшін ОК басыңыз.

Басқа функциялар “PHOTO” ұқсас. “PHOTO” опциялары сипаттамасын қараңыз.

ФИЛЬМ (MOVIE)

Операциялар “PHOTO” ұқсас. “PHOTO” опциялары сипаттамасын қараңыз.

Негізгі функциялар

	А нүктесін тапсыру: осы функцияны таңдау үшін пультте “солға/оңға” түймешігін басңыз және А мен В нүктелерін тапсыру үшін ОК басыңыз. Фильм А дан В-ге дейін шекте айналып ойнайды.
	Масштабты көбейту: осы функцияны таңдау үшін пультте “солға/оңға” түймешігін басңыз және кескінді ұлғайту үшін ОК басыңыз. Егер өлшем 1920x1080 асса, осы функция қолданбайды.
	Масштабты кішірейту: осы функцияны таңдау үшін пультте “солға/оңға” түймешігін басңыз және кескінді кішірейту үшін ОК басыңыз. Егер өлшемі 1920x1080 асса, осы функция ажыратымдылығы жоғары (HD) бейне үшін қолданбайды.
	Уақытты тапсыру: осы функцияны таңдау үшін пультте “солға/оңға” түймешігін басңыз және ойнату уақытын таңдау үшін ОК басыңыз.

МӘТІН

Алдыңғы/келесі бетті таңдау үшін “|<<ous/ next>>|”иңыз. Қажетті бетке ауысу үшін цифрлық перне мен ОК басыңыз. USB-құрылғы арқылы келесі файл типтерін ойнатуға болады:

Фото: pg .j

Аудио: рѵѵ



















Видео: ѵіѵѵѵ4

Мәтін: .txt

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

1. USB мен қатты дискілердің жинағышы үйлесімдігіне кепілдік берілмейді
2. Кейбір пішімдер файлға қатысты себептерден ойнамайды
3. Haier компаниясы сапаны сақтау немесе деректерді жоғалтуға байланысты қиындықтар үшін жауапкершілікке тартылмайды.

05. АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Ақау белгілері		Тексеру	
Кескін	Аудио		
 "Қар"	 Шу	Антеннаның күйі, бағыты немесе қосылысы.	
 Қос кескін	 Қалыпты дыбыс	Антеннаның күйі, бағыты немесе қосылысы.	
 Кедергілер	 Шу	Электрондық жабдықтама, автокөлік/мотоцикл, флуоресценттік түс.	
 Қалыпты кескін	 Дыбыс жоқ	Дыбысты тексеру (дыбысты өшіру немесе аудиожүйені дұрыс қоспау).	
 Кескін жоқ	 Дыбыс жоқ	Қоректену бауы тығылмаған. Өшіргіш қосылмаған. Ажыратымдылық, анықтық пен дыбыс күшін реттеу. Пультте күту режимі түймешігін басыңыз.	
 Қалыпты кескін	 Қалыпты дыбыс	Түс параметрлері.	
 Кескін бөлінген	 Қалыпты немесе әлсіз дыбыс	Арнаны қайта теңшеу.	
 Түс жоқ	 Шу	Теледидар жүйесі.	
 Үстінде және астыда қара жолақты	 Қалыпты дыбыс	Масштабта пішімдік қатыстықты өзгерту.	

АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

<p>Теледидар лэптоп/компьютерге қосылған соң кескінді көрсетпейді.</p>	<p>VGA (компьютер немесе лэптопта көк 15 сыналы ажыратқыш) арқылы қосылғанда кескін теледидарға немесе басқа сыртқы дисплейге берілуі үшін дербес компьютердің және лэптоптың көбі пернетақтада белгілі түймешікті басуды талап етеді. Әдетте бұл F7 (Dell) немесе F4 (HP/Samsung), немесе F5 (Toshiba) пернесі. Лэптоптарда Fn пернесі мен F пернесін бірге басу керек.</p>
<p>Лэптоп/компьютер кескіні бар, бірақ дыбысы жоқ теледидарға қосұлы. Неге?</p>	<p>VGA кабелі тек бейне немесе кескін ақпаратын береді. Лэптоп/компьютердің құлаққап ұяшығын (3.5 мм ажыратқыш) теледидардағы компьютердің аудио кіріс 3.5 мм ұяшығымен қосатын жеке кабельді пайдалану керек. Қашықтан басқару пультінде (Source) көз түймешігі көмегімен PC көз ретінде тапсыру керек. Балама әдіс ретінде егер компьютерде HDMI ұяшығы бар болса, лэптоп/компьютерді HDMI кабелімен қосуға болады. HDMI аудионы да, бейнені де қамтамасыз етеді.</p>
<p>Арналар ауысқанда кескін өлшемдері автоматты түрде теңшелмейді.</p>	<p>Барлық ATV, DTV, SCART, HDMI 1, 2 және т.б. кірістерінде Aspect Ratio (пішімдік қатыстық) теледидарлық кескін опциясы үшін Auto параметрі орнатылғанын тексеріңіз. Aspect Ratio тапсыру үшін Auto, 4:3 немесе 16:9 параметрлерін тапсырыңыз. Source түймешігін басып, ATV бастаңыз. Төмен көрсетілген бірізділікті барлық кіріс ATV, DTV, SCART, HDMI 1, 2 көздері үшін қайталаңыз, өйткені әр кіріс көз жеке басқарылады. TV Menu түймешігін басыңыз. Кескіннің ішкі мәзіріне (Picture) кіру үшін оң көрсеткішті басыңыз. Aspect Ratio (пішімдік қатыстық) таңдау үшін төмен қарайтын көрсеткішті басыңыз. Auto таңдаңыз. Exit басыңыз. Барлық кіріс көздері үшін қайталаңыз.</p>
<p>Теледидарға DVD-плеер немесе басқа құрылғы қосұлы және ол жұмыс істемейді.</p>	<p>Бұл теледидарға қосылатын кез келген құрылғыға қатысты тән. 1 Теледидар мен DVD-плеерді өшіріңіз (ашаны розеткадан шығарыңыз). 2. SCART ажыратқышына қосылған барлық жабдықтаманы өшіріңіз. 3. SCART ажыратқышын теледидардан ажыратыңыз. 4. Теледидарды қосыңыз. 5. DVD-плеерді қосыңыз. 6. Көз мәзірінде (Source) HDMI таңдаңыз. 7. DVD-плеерде ойнатуды қосыңыз және фильмнің дұрыс ойнауын тексеріңіз. ЕСКЕРТУ: SCART ажыратқышы HDMI ажыратқышына қарағанда басым, сондықтан теледидардағы SCART қосылған жабдықтама өшіп тұрғаны маңызды (бірақ күту режимінде болмауы керек). Осы ақпаратты ұстаныңыз. Егер кеңес көмектесіп, DVD-плеер жұмыс істесе, теледидар дұрыс, жай ғана кей түрдегі түсініксіздіктер бар. Теледидар қосылып жатқанда HDMI ажыратқышы алынып, қайта салынуы мүмкін. Жабдықтама қосылып тұрғанда HDMI кабельдерін немесе кез келген басқа цифрлық жабдықтаманы ешқашан шығармаңыз және тықпаңыз. Кез келген цифрлық жабдықтаманы қосқанда немесе өшіргенде бүкіл жабдықтаманы ылғи өшіріңіз.</p>

Цифрлық телевизия ақауларын іздеу және жою, және ықтимал шешімдер

Мозаика (пиксельдерге таралу)

Қалыпты қабылдамаудың типтік үлгісі – кескін фрагменттерге бөлінеді (пиксияция) немесе кескін қатады. Кей кезде сыртыл немесе сықыр пайда болады, дыбыс жоғалады немесе қабылдау толық құрады. Кескіндер цифрлық бейненің сигналы әлсізденуінен пиксельдерге бөлінуі мүмкін. Цифрлық бейне сигналының әлсізденуі әлсіз сигналдың (теледидар антенналарын қараңыз) қиындықтарынан немесе кабельдік сигнал әлсізденуінен туындауы мүмкін. Егер қиындық әлсіз сигналдан болса, күшейткішті пайдаланыңыз. Кабельдік жабдықтама бойынша маман желілік күшейткішті немесе алдын ала күшейткішті орнатуға көмектеседі. Осы шаралар сигналды күшейтуге және пиксельдерге бөліну қиындығын кетіруге көмектеседі.

Егер теледидарлық сигнал жерсеріктен берілсе, тарелка күшті желден жылжып кетпегенін тексеріңіз – одан басқа, сигналды ағаш жабуы мүмкін. Ағаш қиындық тудыруы мүмкін, өйткені сигнал ағашта жапырақ бар болу-болмауына байланысты өзгеруі мүмкін.

Арналар жоқ

Кей кезде арна боламауы немесе басқа өңірдің арналары қабылдануы анықталады. Кей кезде интербелсенді қызметтер түрлері жұмыс істемейді (қызыл түймешік). Әдетте бұл әлсіз сигналдан болады, “Теледидарлық антенналарды” қараңыз.

Теледидарлық антенналар

Цифрлық жер бетіндегі телевизия (Freeview) антеннамен қамтамасыз етіледі. Балама теледидарға жарамды ескі антенна цифрлық теледидарда дәл солай жақсы жұмыс істемейді. Бұл себептен жаңа жабдықтамаға ауысу керек. Егер DTV (Freeview) арқылы кейбір (барлық емес) цифрлық арналар қабылданса – мысалы, BBC1, BBC2, Channel 4 арналары қабылданып, ITV немесе Channel 5 арналары қабылданбаса – антеннаңыздың типі тар жолақты, оны жолағы кең антеннаға ауыстыру керек.

Ақаулы сымдар мен кабельдер

Теледидарыңызды тексеріңіз. Қоректену, антенна, кабельдік ресивер сымдары, бейне немесе DVD-плеер немесе жазу құрылғысының сымдары дұрыс қосылып тұр ма? SCART сымы уақыт өте келе әлсізденетіні белгілі, бұл аудио мен бейне үшін қиындықтарға әкеліп соқтырады. Арналардың бірі (оң/сол) немесе аудио арнасының екеуі де жоғалуы мүмкін, сонымен бірге түстер бұлыңғыр немесе реңсіз болады. Бұл жағдайда қиындық SCART ажыратқышын ұяшыққа тығыздау салынғанынан шешілуі мүмкін.

HDMI ажыратқыштары сонымен қатар ұяшыққа берік кіріктіруді қажет етеді, өйткені түйіспе өткізгіштердің соңғы миллиметрінде орындалады. Әдетте, HDMI қара пластик бөлігі өте жақын болуы немесе тіпті теледидар корпусы немесе оның құрамдасына жанасуы тиіс.

HDMI кабельдері қосылғанда қиындықтар HDMI кабельдері теледидар немесе басқа құрылғы қосылып тұрғанда қосылуынан туындауы мүмкін. Теледидарды да, оған қосылатын құрамдасты да ылғи өшіріңіз. Егер Сіз ажыратқыштар мен ұяшықтарды тексерсеңіз, теледидарды өшіріңіз және оған құрылғыны қосыңыз, одан кейін оларды қайта қосыңыз.

Теледидарға компьютер қосулы. Дыбыс жоқ.

Егер компьютер немесе лэптоп теледидарға VGA (15 сыналы Sub D ажыратқышы) арқылы қосылып тұрса, дыбыс болмайды. Теледидар мен компьютер немесе лэптоп арасында жеке аудио кабельді пайдалану керек.

Түстер және дене реңктері жалған

Жалған дене реңктері мен басқа түстер ажыратымдылығы жоғары жаңа теледидар қолданған жағдайда да тағы бір қиындықты білдіруі мүмкін. Бұл бөлме жағдайына келтіретін теледидарлық кескінді теңшеу нәтижесінен туындайды. Кескін мәзірінде кескін режимін табиғи режимге ауыстырып қиындықты жойыңыз. Үлкен дәлдікке түсті, ажыратымдылықты және ашықтықты кескін мәзірінде қолмен теңшеу жолымен жетуге болады.

Ақ шеңберлер

Адамдар мен нысандардың айналасында ақ шеңберлер әдетте теледидардың анықтығы өте жоғары болғанда немесе теледидарда шеңберлерді бөлектеудің белгілі технологиясы пайдаланылғанда туындайды. Кескін мәзіріне кіріп, анықтықты ақ контур кеткенше өзгертіңіз. Егер шеңберлерді бөлектеу қолданылса, оған сервистік мәзірде тыйым салыңыз.

Кескін шымырланады

Кей кезде кескін шымырлануы мүмкін. Бұл жағдайда сигнал қуатын тексеруге болады. Сигнал күшті болса, қиындық кабельдік телевизия компаниясында болады. Егер сигнал әлсіз болса, күшейткішті пайдаланыңыз.

Кескін экранды толтырмайды

Компьютер немесе лэптопты қосқанда кескін экранды толық толтырмауы мүмкін. Компьютеріңіздің дисплей теңшелімдерін тексеріңіз (Windows > Start > Control Panel > Appearance and Personalization > Display settings) және ең жақсы ажыратымдылықты таңдаңыз. Теледидарда TV Menu > Picture > Settings таңдау керек және тиімді кескінге жету үшін AUTO, ZOOM1 немесе ZOOM2 параметрлерін өзгерту керек.

USB қосылысы

USB қосылысы *.jpg (фото) және *.mp3 (музыка) файлдарымен жұмыс істейді. Теледидар теледидардың USB ажыратқышына қосылған Apple фирмасының iPhone немесе iPod танымайды. Теледидар басқа файлдарды ойнатуы мүмкін, бірақ көп файлдық пішімдерінен осы файлдық пішімдер жұмыс істейтініне көпідік берілмейді.

06. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

28" ажыратымдылығы жоғары жарықдиодты цифрлық теледидар

Теледидар кескінінің сапасы	Анықтығы жоғары Енгізілген цифрлық функциялар Экранның өлшемі: 81.28 см Ажыратымдылығы 1366 x 768 пиксель
Цифрлық теледидар декодерін теңшеу	DVB-T/T2, DVB-C Квадратуралық амплитудалық модуляция 16/32/64/128/256/Квадратуралық фазалық модуляция MPEG2, MPEG4, H.264
Қосу құралдары	3 HDMI ұяшығы 1 SCART ұяшығы 1 компьютерлік кіріс ұяшығы 1 құрамдастық бейнесигнал ұяшығы 1 кескін мен синхронизация сигналының ұяшығы 2 USB порты 1 гнездо наушников 1 коаксиалды порт Қолданатын жүйелер: PAL + SECAM Сақталатын арналардың саны: 1000 (цифрлық теледидар), 99 (балама теледидар) Теледидар (радиожиілік): дисбаланс 75 Ом Бейнекіріс YPbPr/HDMI: 480i, 480p, 576i, 576p, 720p, 1080i, 1080p
Дыбыс сапасы	NICAM стереожүйесі Шығыс қуаты: 2 x 5 Вт (тиімді мән)
Күту режимінде қуатты тұтыну	≤0.30 5
Цифрлық технологиялар негізіндегі құралдар	Цифрлық интербелсенділік Цифрлық мәтін Цифрлық теледидарлық субтитрлермен тарату (DVB) Автотеңшеу Жаңа арналарды автоматты түрде сканерлеу (іздеу) Бағдарламалардың гиді (қазіргі сәтте және кейінгі бағдарламалардың) Бағдарламалар бойынша жеті күндік электрондық гид (EPG) Тор up TV жүйесімен үйлесімдік Жалпы интерфейс слоты (CI) Соқырлар үшін ТД-қызметімен үйлесімдік
Қосымша ерекшеліктер	UHF/VHF тюнері, Түнгі режим таймері, Ата-аналық рейтинг, Кескін мен мәтін Қашықтан басқару пультінің батареялары, 2 дана AAA (жинаққа кіреді) VESA стандарты бойынша орнату өлшемі: 200 x 100 мм Орам өлшемі (ені биіктігі ұзындығы) 718x486x141 мм Теледидардың өлшемі (ені биіктігі ұзындығы) тіреумен 645.2 x439.9x135 мм Теледидардың өлшемі (ені биіктігі ұзындығы) тіреусіз 645.2 x394.3x73.6 мм Орам салмағы: 5.5 кг Тіреуі бар теледидардың салмағы: 4.3 кг Тіреусіз теледидардың салмағы: 3.7 кг

*Осы теледидардың құрылымдық параметрлері мұнда тек үлгі ретінде ұсынылады.

Бұйым технологиясы даму барысында ерекшеліктер пайда болуы мүмкін.

Құрылымы мен техникалық сипаттамалары ескертілмей өзгеруі мүмкін.

Scart шығысының сипаттамасы:

1. Тоқ көзі балама теледидар болғанда (ATV), Scart шығыс сигналы ретінде ATV пайдаланылады.
2. Басқа көздерде Scart шығыс сигналы болмайды.

06. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

32" ажыратымдылығы жоғары жарықдиодты цифрлық теледидар

Теледидар кескінінің сапасы	Толық жоғары анықтық Кіріктіріме цифрлық функциялар Экранның өлшемі: 80 см Ажыратымдылығы 1366x768 пиксель
Цифрлық теледидар декодерін теңшеу	DVB-T/T2, DVB-C Квадратуралық амплитудалық модуляция 16/32/64/128/256/Квадратуралық фазалық модуляция MPEG2, MPEG4, H.264
Қосу құралдары	3 HDMI ұяшығы 1 SCART ұяшығы 1 компьютерлік кіріс ұяшығы 1 құрамдастық бейнесигнал ұяшығы 1 кескін мен синхронизация сигналының ұяшығы 2 USB порты 1 құлаққап ұяшығы 1 коаксиалды порт Қолданатын жүйелер: PAL + SECAM Сақталатын арналардың саны: 1000 (цифрлық теледидар), 99 (балама теледидар) Теледидар (радиожиілік): дисбаланс 75 Ом Бейнекіріс YPbPr/HDMI: 480i, 480p, 576i, 576p, 720p, 1080i, 1080p
Дыбыс сапасы	NICAM стереожүйесі Шығыс қуаты: 2 x 8 Вт (тиімді мән)
Күту режимінде қуатты тұтыну	≤0.5 Вт
Цифрлық технологиялар негізіндегі құралдар	Цифрлық интербелсенділік Цифрлық мәтін Цифрлық теледидарлық субтитрлермен тарату (DVB) Автотеңшеу Жаңа арналарды автоматты түрде сканерлеу (іздеу) Бағдарламалардың гиді (қазіргі сәтте және кейінгі бағдарламалардың) Бағдарламалар бойынша жеті күндік электрондық гид (EPG) Top up TV жүйесімен үйлесімдік Жалпы интерфейс слоты (CI) Соқырлар үшін ТД-қызметімен үйлесімдік
Қосымша ерекшеліктер	UHF/VHF тюнері, Түнгі режим таймері, Ата-аналық рейтинг, Кескін мен мәтін Қашықтан басқару пультінің батареялары, 2 дана AAA (жинаққа кіреді) VESA стандарты бойынша орнату өлшемі: 200 x 100 мм Орам өлшемі (ені биіктігі ұзындығы) 827x527x160 мм Теледидардың өлшемі (ені биіктігі ұзындығы) тіреумен 740.3x491.3x160 мм Теледидардың өлшемі (ені биіктігі ұзындығы) тіреусіз 740.3x445.2x93 мм Орам салмағы: 7.2 кг Тіреуі бар теледидардың салмағы: 5.6 кг Тіреусіз теледидардың салмағы: 4.7 кг

*Осы теледидардың құрылымдық параметрлері мұнда тек үлгі ретінде ұсынылады.

Бұйым технологиясы даму барысында ерекшеліктер пайда болуы мүмкін.

Құрылымы мен техникалық сипаттамалары ескертілмей өзгеруі мүмкін.

Scart шығысының сипаттамасы:

1. Тоқ көзі балама теледидар болғанда (ATV), Scart шығыс сигналы ретінде ATV пайдаланылады.
2. Басқа көздерде Scart шығыс сигналы болмайды.

Haier

Импортер :
ООО Торговая компания «Хайер Рус»

Адрес Импортера:
121099, Москва, Новинский б-р, д. 8, оф. 1601,
БЦ Лотте Плаза